

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингі қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 673 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30915 болып тіркелді.

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 16-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін  
атқарушының 2022 жылғы  
1 желтоқсандағы № 673  
бұйрығымен бекітілген

**Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингі қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 16-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жұмыстар – заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

2) көрсетілетін қызметтер – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

3) мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы ;

4) сатып алу – "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде тапсырыс берушілердің сатып алуы;

5) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқарушы компанияларды және олармен үлестес заңды тұлғаларды қоспағанда , мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

6) тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, зияткерлік меншік құқығының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

7) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы уәкілетті орган ( бұдан әрі – уәкілетті орган) – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық институты (бұдан әрі – Ұлттық институт) – дауыс беретін акцияларының (жарғылық

капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға.

## **2-тарау. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингінің тәртібі**

3. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингін (бұдан әрі – мониторинг) уәкілетті орган жылына кемінде бір рет жүргізеді және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 627 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30527 болып тіркелген) мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің энергия тиімділігі бойынша талаптарды (бұдан әрі - энергия тиімділігі бойынша талаптар) тапсырыс берушілермен сақтау мақсатында өткізілген мемлекеттік сатып алу және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ақпаратты жинауды, өңдеуді, талдауды, жүйелендіруді және бағалауды қамтиды.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы № 619 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30465 болып тіркелген) мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі жөніндегі талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесінде (бұдан әрі - тізбе) көзделген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер мониторинг объектісі болып табылады.

5. Уәкілетті орган жыл сайын 10 қаңтарға дейін мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органға өткізілген мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ақпарат беру туралы сұрау салуды жібереді.

6. Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган сұрау салуды алған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ақпарат береді.

7. Уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органнан мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ақпаратты алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны Ұлттық институтқа жібереді.

8. Ұлттық институт уәкілетті органға энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізген кезде және мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі жөніндегі талаптар қолданылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін жаңарту бойынша ұсынымдарды дайындауға келесідей жәрдемдеседі:

1) есепті кезеңде өткізілген мемлекеттік сатып алу мен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың энергия тиімділігі жөніндегі талаптардың сәйкестігіне талдау жүргізеді;

2) жыл сайын 30 сәуірге дейін уәкілетті органға мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды талдау қорытындылары бойынша аралық есепті ұсынады;

3) жыл сайын 10 қазанға дейін уәкілетті органға өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік сатып алу мен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ тізбені өзектендіру жөніндегі ұсынымдарды өзгерту серпінін қамтитын мемлекеттік сатып алу мен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды талдау қорытындылары бойынша қорытынды есепті енгізеді.

9. Уәкілетті орган Ұлттық институттың есептері негізінде:

1) жыл сайын, 25 қазанға дейінгі мерзімде мемлекеттік сатып алуды және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды сақтамайтын тапсырыс берушілерге тиісті ұсынымдар жібереді және жыл сайынғы талдау нәтижелерін өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

2) тізбені өзектендіруді жүргізеді.

Энергия үнемдеу және энергия  
тиімділігін арттыру  
саласындағы мемлекеттік сатып  
алу және тауарларды,  
жұмыстарды, көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
мониторингі қағидаларына  
қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ақпарат**

|  |  |                                                           |  |  |  |  |  |  |  |                                             |
|--|--|-----------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|---------------------------------------------|
|  |  | Тауарларға,<br>жұмыстарға<br>және көрсетілген қызметтерге |  |  |  |  |  |  |  | Хабарландырудың негізінде берілетін ақпарат |
|--|--|-----------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|---------------------------------------------|

| № | Тапсырыс берушінің БСН | етін қызметтерге тапсырыс берушінің атауы | Тапсырыс берушінің өңірі | ТЖҚК | ТЖҚК атауы | Қысқаша сипаттама | Қосымша сипаттама* | Хабарландыру нөмірі | Хабарландырушының атауы | ың жарияланған күні |
|---|------------------------|-------------------------------------------|--------------------------|------|------------|-------------------|--------------------|---------------------|-------------------------|---------------------|
| 1 | 2                      | 3                                         | 4                        | 5    | 6          | 7                 | 8                  | 9                   | 10                      | 11                  |

### Кестенің жалғасы

| Шарттың нөмірі | Шарттың жасалған күні | Шарт сомасы (ҚҚС-сыз) | Шарт мәнінің нөмірі | Шарт мәнінің сомасы (ҚҚС-сыз) | Жеткізушінің БСН | Жеткізушінің атауы |
|----------------|-----------------------|-----------------------|---------------------|-------------------------------|------------------|--------------------|
| 12             | 13                    | 14                    | 15                  | 16                            | 17               | 18                 |

\* Қосымша сипаттама тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамаларында қамтиды.

Аббревиатураның толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТЖҚК - Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды;

ҚҚС - Қосылған құн салығы.